

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласында көрсетілетін геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы № 4/635 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 4/602 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қаңтарда № 1339 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 3/372 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 16.09.2020 № 3/372 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласында көрсетілетін геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы № 4/635 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1237 болып тіркелген, " Алматы Ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде 2016 жылғы 14 қаңтарда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақтағы:

3) тармақша алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Алматы қаласының аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;

3) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы "Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласында көрсетілетін геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік қызметтер

регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы № 4/635 қаулысына" өзгеріс енгізу туралы" қаулысының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Әукеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Байбек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК